

## Тойота Мотор Қазақстан Toyota «Армандағы автокөлік» шығармашылық конкурсын өткізеді



TOYOTA DREAM CAR  
ART CONTEST

2021 жылдың 7 желтоқсанынан 2022 жылдың 31 қаңтарына дейін қоса алғандағы кезеңде Тойота Мотор Қазақстан компаниясы Toyota «Армандағы автокөлік» шығармашылық конкурсын өткізеді, онда Қазақстанның және Қырғызстан Республикасының балалары өздерінің болашақ көлігін қалай көретіндіктерімен бөлісіп, армандағы автокөліктерінің суретін салады. Барлық ұлы жаңалықтар бұйығы идеядан туады. Toyota компаниясы іс-шара ұлы өнертапқыштардың, ойшыл және арманшыл жандардың жаңа буынының шығармашылық әлеуетін дамытуға көмектеседі деп үміттенеді.

Конкурс екі кезеңнен тұрады: ұлттық және әлемдік. Ұлттық конкурс та екі кезеңді қамтиды:

1. 2021 жылдың 7 желтоқсанынан қоса алғанда 2022 жылдың 31 қаңтарына дейінгі аралықта жұмыстарды қабылдау.
2. 2022 жылдың ақпан айының соңында жұмыстарды бағалау және нәтижелерін жариялау


\*Нәтижелер [www.toyota.kz](http://www.toyota.kz) ресми сайтында жарияланады.

Ұлттық конкурстың жеңімпаздары өз елдерінің өкілдері ретінде конкурстың Жапонияда өтетін әлемдік кезеңіне қатысады.

2004 жылдан бастап компанияның қоғамды дамытуға бағытталған бастамалары аясында Toyota «Армандағы автокөлік» шығармашылық конкурсы өткізіліп келеді. Тек 2020 жылдың өзінде 75 ел мен аймақтан 1 193 000-қа жуық өтінім келіп түсті.



※Ұлттық конкурс (Кения)



※Әлемдік конкурс жеңімпазының жұмысы (2019 ж.)



※Әлемдік конкурс қатысушыларын марапаттау рәсімі (Жапония, 2019 ж.)

### Ұлттық конкурс туралы ақпарат

<b>Өтінімдерді беру мерзімдері</b>	2021 жылдың 7 желтоқсанынан 2022 жылдың 31 қаңтарына дейін
<b>Қатысушыларға қойылатын талаптар</b>	Қазақстанда және Қырғызстан Республикасында тұратын 15 жасқа дейінгі (қоса алғанда) балалар
<b>Жұмыстар мына жас санаттары бойынша қабылданады:</b>	(1) 1-санат: 7 жасқа дейін қоса алғанда (2) 2-санат: 8 жастан 11 жасқа дейін (3) 3-санат: 12 жастан 15 жасқа дейін қоса алғанда
<b>Суреттерге қойылатын талаптар</b>	* А3 немесе таблоид (27.9 x 43.2 см) ұсынылған формат болып табылады * Сондай-ақ А4, quarto (22.9 x 27.9 см) және octavo (16.5 x 25.4 см) форматтары да қабылданады. * Қағаз парағының түсі, материалы және пішіні маңызды емес. * Қалыңдығы 5 мм-ден асатын шығармашылық жұмыстар жарамсыз деп табылады.

	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Сурет салуға арналған кез келген материалдарды — түрлі-түсті қарындаштарды, фломастерлерді, борларды, бояуларды қолдануға болады</li> <li>* Нәтижесінде алынатын жұмыс тегіс, ұқыпты болып қалса және ерекше ұстауды қажет етпесе, коллаж немесе аппликация жасауға рұқсат етіледі</li> <li>* Компьютердің немесе басқа да электронды құрылғылардың көмегімен жасалған жұмыстар қабылданады</li> </ul> <p><b>Мына жұмыстар қабылданбайды:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>* Бірнеше қатысушы бірлесіп орындаған жұмыстар.</li> <li>* Конкурс қатысушысы болып табылмайтын басқа адамның жасаған жұмыстары.</li> <li>* Қатысушы сауалнамасы қосып берілмеген немесе ақпараты толық емес сауалнама қосып берілген жұмыстар.</li> <li>* Фотосуреттерге қарап салынған суреттер.</li> <li>* Белгілі көркем сурет туындыларына немесе бұған дейінгі Toyota «Армандағы автокөлік» балалар арасындағы сурет салу конкурсының жұмыстарына ұқсайтын суреттер.</li> <li>* Сауда маркалары белгілерінің, логотиптердің және танымал тауарлардың кескіндері бар суреттер.</li> </ul>
<b>Өтінім нысаны</b>	<p>Міндетті түрде <a href="http://www.toyotadreamcar.kz">www.toyotadreamcar.kz</a> сайтындағы өтінім нысанын жүктеп алып, барлық тармақтарын толтыру және суретпен бірге жақын маңдағы дилерлік орталыққа жіберу немесе толтырылған нысанды және жұмысты <a href="http://www.toyotadreamcar.kz">www.toyotadreamcar.kz</a> сайтына жүктеу қажет</p>

Жұмыстардың үлгілерімен танысуға болатын Toyota ресми веб-сайты: <https://www.toyota-dreamcarart.com>